**"Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 843 бірлескен бұйрығына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы"**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 121 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 20 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 2 сәуірде № 20286 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 843 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12777 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 3 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер және толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру жүйесіне тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тәуекел дәрежесін анықтау үшін үшін келесі ақпарат көздері қолданылады:

1) бақылау субъектісі ұсынатын, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

2) бұрынғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау нәтижелері;

3) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

4) уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері пайдаланылады.";

қосымшада:

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін" деген 1-бөлімде:

"Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры ( ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері,

сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері" деген 1-кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-кіші бөлім. Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны, сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері";

"Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры ( ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері" деген 1-кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 10, 11-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырудан ( растаудан) өтулерін сақтамаулары. | болмашы |
| 11 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында педагогтердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына және педагогтер лауазымдарының тізбесіне сәйкес келмеуі. | болмашы |

";

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген 2-кіші бөлімде:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Педагогтің педагогтік әдеп нормалары мен лауазымдық міндеттерін орындауы:<br>Педагог өз қызметінде:<br>1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;<br>2) Қазақстан Республикасы педагогтерінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;<br>3) өзінің қызметтік міндетін адал және сапалы орындайды;<br>4) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады;<br>5) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды;<br>6) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;<br>7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады;<br>8) қызметтік ақпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;<br>9) өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды;<br>10) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгісінде болады.<br>Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагог:<br>1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді;<br>2) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермейді, өз әріптестері тарапынан осындай іс-әрекеттерді болдырмау үшін күш салады; | өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| | 3) өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан дәлелді сындарға жол бермейді, оған сабырлылықпен қарайды, өзінің кәсіби қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін сындарлы сынды пайдаланады;<br>4) білім беру процесінің қатысушыларына кәсіби қолдау көрсетеді. Әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагог:<br>1) жалпы қабылданған адамгершілік-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сақтайды;<br>2) басқа педагогтің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді. (өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | |

";

реттік нөмірлері 3, 4-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруын растайтын сертификаттарының болуы. | болмашы |
| 4 | Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырудан ( растаудан) өтуін растайтын біліктілік санатын беру/растау туралы куәліктердің, бұйрықтардың, куәліктерді беру және тіркеу журналдарының болуы. | елеулі |

";

реттік нөмірі 17-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 17 | Тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар педагогтермен қамтамасыз етілуін растайтын білім беру ұйымымен бекітілген педагогтердің тарифтеу тізімдерінің және диплом мен қосымша көшірмелерінің болуы. | өрескел |

";

реттік нөмірі 18-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 18 | Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне:<br>1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;<br>2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ;<br>3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар;<br>4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттары жоқ;<br>5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол берілмейді. | өрескел |

";

реттік нөмірі 21-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 21 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында педагогтердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына және педагогтер лауазымдарының тізбесіне сәйкес келуі. | елеулі |

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 27, 28, 29-жолдармен толықтырылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 27 | Педагогті кәсіби міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға жол бермеу (өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |
| 28 | Педагогтің есеп беруін не одан педагогтік лауазымдық міндеттеріне байланысты емес ақпаратты талап етуге жол бермеу (өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |
| 29 | Педагогке тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу міндеттемесін жүктеуге жол бермеу (өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |

";

"Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім бері ұйымдары үшін" деген 2-бөлімде:

"Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері" деген 1-кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-кіші бөлім. Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны, сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері";

"Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері" деген 1-кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 21, 22-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 21 | Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырудан (растаудан) өтулерін сақтамаулары. | болмашы |
| 22 | Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогтердің бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына және педагогтер лауазымдарының тізбесіне сәйкес келмеуі. | болмашы |

";

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген 2-кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 3, 4-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| | Педагогтің педагогтік әдеп нормалары мен лауазымдық міндеттерін орындауы: Педагог өз қызметінде: 1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды; 2) Қазақстан Республикасы педагогінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді; 3) өзінің қызметтік міндетін адал және сапалы орындайды; 4) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі | |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | жетілдірумен белсенді түрде айналысады;<br>5) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды;<br>6) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;<br>7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады;<br>8) қызметтік ақпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;<br>9) өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды;<br>10) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгісінде болады.<br>Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагог:<br>1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді;<br>2) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермейді, өз әріптестері тарапынан осындай іс-әрекеттерді болдырмау үшін күш салады;<br>3) өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан дәлелді сындарға жол бермейді, оған сабырлылықпен қарайды, өзінің кәсіби қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін сындарлы сынды пайдаланады;<br>4) білім беру процесінің қатысушыларына кәсіби қолдау көрсетеді.<br>Әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагог:<br>1) жалпы қабылданған адамгершілік-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сақтайды;<br>2) басқа педагогтің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді. (өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |
| 4 | Білім беру ұйымдарының басшы кадрларының, педагогтерінің және ғылыми қызметкерлерінің бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттырғандығын растайтын сертификаттарының болуы. | болмашы |

";

реттік нөмірлері 27, 28, 29, 30-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 27 | Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырудан ( растаудан) өтуін беру (растау) туралы куәліктердің, бұйрықтардың, куәліктерді тіркеу және беру журналдарының болуы. | елеулі |
| 28 | Білім беру ұйымымен бекітілген алқалық органдардың (педагогикалық, әдістемелік кеңестердің және педагогикалық әдеп бойынша кеңестің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстары хаттамаларының болуы. | елеулі |
| 29 | Қосымшалары бар дипломдар көшірмелерінің және білім беру ұйымдарымен бекітілген атқарылатын лауазымының сабақ беретін пәнінің бейініне сәйкес келетін жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білімі бар педагогтермен, сондай-ақ, педагогтер лауазымдарымен қамтамасыз етілгендігін растайтын педагогтердің тарифтеу тізімдерінің болуы. | өрескел |
| 30 | Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне:<br>1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;<br>2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ;<br>3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар;<br>4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттары жоқ; | өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| | 5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол берілмейді. | |

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 48, 49, 50, 51-жолдармен толықтырылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 48 | Педагогті кәсіби міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға жол бермеу ( өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |
| 49 | Педагогтің есеп беруін немесе одан педагогтік лауазымдық міндеттеріне байланысты емес ақпаратты талап етуге жол бермеу (өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |
| 50 | Педагогке тауарлар мен қызметтерді сатып алу міндеттемесін жүктеуге жол бермеу ( өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |
| 51 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтерін өздерінің кәсіби қызметін мемлекеттік емес ұйымдардың қызметіне тартуға жол бермеу (өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |

";

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін" деген 3-бөлімде:

"Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры ( ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері" деген 1-кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-кіші бөлім. Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны, сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері";

"Бақылау субъектісі (объектісі), оның ішінде Ұлттық білім беру деректер қоры ( ҰБДҚ) арқылы ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері, сондай-ақ, уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері"деген 1-кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 12, 13- жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 12 | Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырудан ( растаудан) өтулерін сақтамаулары. | болмашы |
| 13 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтердің техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына және педагогтер лауазымдарының тізбесіне сәйкес келмеуі. | болмашы |

";

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген 2-кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 2, 3, 4- жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Педагогтің педагогтік әдеп нормалары мен лауазымдық міндеттерін орындауы: Педагог өз қызметінде: 1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды; 2) Қазақстан Республикасы педагогінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді; 3) өзінің қызметтік міндетін адал және сапалы орындайды; 4) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады; 5) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды; 6) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды; 7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады; 8) қызметтік ақпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді; 9) өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды; 10) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгісінде болады. Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагог: 1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыройы мен кадір-қасиетін құрметтейді; 2) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермейді, өз әріптестері тарапынан осындай іс-әрекеттерді болдырмау үшін күш салады; 3) өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан дәлелді сындарға жол бермейді, оған сабырлылықпен қарайды, өзінің кәсіби қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін сындарлы сынды пайдаланады; 4) білім беру процесінің қатысушыларына кәсіби қолдау көрсетеді. Әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагог: 1) жалпы қабылданған адамгершілік-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сақтайды; 2) басқа педагогтің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді. (өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |
| 3 | Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырудан ( растаудан) өтуін растайтын біліктілік санатын беру/растау туралы куәліктердің, бұйрықтардың, куәліктерді беру және тіркеу журналдарының болуы. | болмашы |
| 4 | Білім беру ұйымдары педагогтерінің бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттырғандығын растайтын сертификаттардың болуы. | болмашы |

";

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне: 1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған; 2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ; 3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар; 4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі | өрескел |

| | | |
|---|---|---|
| | білім туралы құжаттары жоқ;<br>5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол берілмейді. | |

";

реттік нөмірі 19-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 19 | Сабақ беретін пәніне тиісті бейіні сәйкес келетін базалық жоғары, техникалық және кәсіптік білімі бар инженер-педагогтермен, сондай-ақ, қажеттілік болған жағдайда сабақ беретін пәніне тиісті бейіні сәйкес келетін базалық жоғары немесе техникалық және кәсіптік білімі бар өндірістің білікті мамандарымен қамтамасыз етілгендігін растайтын диплом мен қосымша көшірмелері және педагогтердің білім беру ұйымдары бекіткен тарифтік тізімдерінің болуы. | өрескел |

";

реттік нөмірлері 29, 30-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 29 | Білім беру ұйымымен бекітілген алқалық органдардың (педагогикалық, әдістемелік кеңестердің және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстары хаттамаларының болуы. | болмашы |
| 30 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына және педагогтер лауазымдарының тізбесіне сәйкес келуі. | болмашы |

";

реттік нөмірлері 75, 76, 77-жолдармен толықтырылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 75 | Педагогті кәсіби міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға жол бермеу ( өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |
| 76 | Педагогтің есеп беруін немесе одан педагогтік лауазымдық міндеттеріне байланысты емес ақпаратты талап етуге жол бермеу (өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |
| 77 | Педагогке тауарлар мен қызметтерді сатып алу міндеттемесін жүктеуге жол бермеу ( өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |

";

"Қосымша білім беретін білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызмет үшін" деген 4-бөлімде:

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген 1-кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-кіші бөлім. Уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері, сондай-ақ, расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны";

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген 1-кіші бөлімде:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Педагогтің педагогтік әдеп нормалары мен лауазымдық міндеттерін орындауы: Педагог өз қызметінде: 1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды; 2) Қазақстан Республикасы педагогінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді; 3) өзінің қызметтік міндетін адал және сапалы орындайды; 4) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады; 5) еңбект әртібін бұлжытпай сақтайды; 6) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды; 7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады; 8) қызметтік ақпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді; 9) өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды; 10) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгісінде болады. Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагог: 1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді; 2) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермейді, өз әріптестері тарапынан осындай іс-әрекеттерді болдырмау үшін күш салады; 3) өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан дәлелді сындарға жол бермейді, оған сабырлылықпен қарайды, өзінің кәсіби қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін сындарлы сынды пайдаланады; 4) білім беру процесінің қатысушыларына кәсіби қолдау көрсетеді. Әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагог: 1) жалпы қабылданған адамгершілік-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сақтайды; 2) басқа педагогтің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді. (өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |

";

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырудан ( растаудан) өтуін растайтын біліктілік санатын беру/растау туралы куәліктердің, бұйрықтардың, куәліктерді беру және тіркеу журналдарының болуы. | болмашы |

";

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Білім беру ұйымының басшы кадрларының, педагогтерінің және ғылыми қызметкерлерінің бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруын растайтын сертификаттарының болуы. | өрескел |

";

реттік нөмірі 11, 12-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| | Сабақ беретін пәніне тиісті бейіні білім беру ұйымының бейініне сәйкес келетін жоғары, техникалық және кәсіптік білімі бар, педагогтермен қамтамасыз етілгендігін растайтын | |

| | | |
|---|---|---|
| 11 | дипломдар мен қосымшаларының көшірмелері және педагогтердің білім беру ұйымдары бекіткен тарифтік тізімдерінің болуы. | елеулі |
| 12 | Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне: 1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған; 2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ; 3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар; 4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттары жоқ; 5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол берілмейді. | өрескел |

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 18, 19, 20-жолдармен толықтырылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 18 | Педагогті кәсіби міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға жол бермеу ( өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |
| 19 | Педагогтің есеп беруін не одан педагогтік лауазымдық міндеттеріне байланысты емес ақпаратты талап етуге жол бермеу (өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |
| 20 | Педагогке тауарлар мен қызметтерді сатып алу міндеттемесін жүктеуге жол бермеу ( өтініштер болған жағдайда тексеріледі). | өрескел |

";

"Білім басқару органдарының қызметі үшін" деген 6-бөлімде:

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген 1-кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-кіші бөлім. Уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері, сондай-ақ, расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны";

"Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы бұрынғы профилактикалық бақылаудың нәтижелері" деген 1-кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 20, 21-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 20 | Білім басқармасы органдарында ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізу жөнінде аттестаттау комиссияларын құру және бекіту туралы бұйрықтың болуы. | болмашы |
| 21 | Ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізу жөнінде аттестаттау комиссиялары отырысы хаттамаларының болуы. | елеулі |

";

реттік нөмірі 24-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

